

Айтбаева К.Б.^{1,*}, Тарақов Ә.С.²

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

e-mail: ¹kzhapparova@mail.ru, ²anuar_tarak@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5422-7580, ²0000-0002-9106-4127

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАСЫНЫҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІГІНДЕГІ «ҚҰЛАГЕР» ИППОНИМИ ЖӘНЕ ОНЫ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының ономастикалық кеңістігіндегі *Құлагер* иппонимінің лексика-семантикалық мағынасын және оның орыс және ағылшын аудармаларында берілу ерекшеліктерін анықтауға арналған. «Құлагер» поэмасында қазақ халқына тән діл, мәдени салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, әдет-ғұрып және т.б. көрініс тапқан. «Құлагер» поэмасы бірегей ұлттық болмыстың тұтас көрінісін жеткізетін антропонимдер, зоонимдер, этнонимдер, топонимдер және басқа да оним түрлеріне аса бай. Онимдер – автордың әлемнің бейнесін қалыптастыруда қолданатын маңызды тілдік құралдары екені белгілі. Поэманың тақырыбы – *Құлагер* иппонимінде көркем шығарманың мазмұнын қабылдауға айтарлықтай септігін тигізетін этнолингвистикалық ақпарат сақталған. Мақалада *Құлагер* атауы Ілияс ақынның оқырманға поэмада жолдаған алғашқы ақпараты ретінде қарастырылып, оның қазақ этносының тілдің санасындағы прецедентті ерекшелігі мен рөлі айқындалады. Сондай-ақ *Құлагер* онимінің тарихи дереккөздерге негізделген аталымдық (номинативті) қызметі талқыланады. Берілген иппонимнің ассоциативті өрісіндегі аллегория, антономазия тәсілдері арқылы қалыптасқан басқа да ұғымдары көрсетіледі. *Құлагер* атауының этимологиясы этникалық маркер болып табылатын ұлттық колоративті лексика тұрғысынан біршама қарастырылады. Түс атаулары тілдік және экстралингвистикалық мазмұнды біріктіретін лингвомәдени бірліктер ретінде түсіндіріледі. Алғаш рет *Құлагер* иппониміне жеке нысан ретінде көңіл бөлініп, оның көркемдік, стилистикалық, прагматикалық және мән-мағыналық ерекшеліктерін жеткізудегі аудармашылардың шеберліктері, аудару әдістері мен тәсілдері, шешімдері түпнұсқамен тікелей салыстыру арқылы зерделенеді.

Кілт сөздер: Жансүгіров, Құлагер, ономастикалық кеңістік, иппоним, прецедентті атау, лингвомәдени бірлік

Aitbayeva K.B.^{1,*}, Tarakov A.S.²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: ¹kzhapparova@mail.ru, ²anuar_tarak@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5422-7580, ²0000-0002-9106-4127

Hipponym “Kulager” in the onomastic space of Ilyas Zhansugurov’s poem and features of its translation

Annotation. The article is devoted to transferring and identifying the features of the lexical-semantic meaning of the hipponym *Kulager* in the onomastic space of Ilyas Zhansugurov’s poem “Kulager” in Russian and English translations. The poem “Kulager” demonstrates the mentality characteristic, cultural customs, way of life, rituals of the Kazakh people, etc. The poem “Kulager” is rich in anthroponyms, zoonyms, ethnonyms,

toponyms and other types of onyms, which convey the whole picture of a unique national identity. Onyms are known to be important linguistic tools used by the author to shape the image of the world. The theme of the poem – hipponym *Kulager* contains ethnolinguistic information that significantly contributes to the perception of the work of fiction content. The article considers the horse name *Kulager* as the first information in the poem sent to the reader by the poet Ilyas, and reveals the features and role of the precedent text in the linguistic consciousness of the Kazakh ethnos. The nominative function of the onym *Kulager* based on historical sources has been discussed. In the associative field of a given hipponym there are other concepts formed by methods of allegory, antonomasia. The etymology of the *Kulager* has been also analyzed in terms of national color vocabulary, which is an ethnic marker. Colour terms are interpreted as linguistic and cultural units which combine linguistic and extralinguistic content. For the first time, attention has been drawn to the hipponym *Kulager* as a separate object, as well as translation skills, solutions, techniques, and methods in conveying its artistic, stylistic, pragmatic, and semantic features have been studied by direct comparison with the original.

Keywords: Zhansugurov, Kulager, onomastic space, hipponym, precedent name, linguacultural unit

Айтбаева К.Б.^{1,*}, Тараков А.С.²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

e-mail: ¹kzhapparova@mail.ru, ²anuar_tarak@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-5422-7580, ²0000-0002-9106-4127

Иппоним «Кулагер» в ономастическом пространстве поэмы Ильяса Жансугурова и особенности его перевода

Аннотация. Статья посвящена выявлению особенностей перевода и лексико-семантического значения иппонима *Кулагер* в русском и английском переводах в ономастическом пространстве поэмы Ильяса Жансугурова «Кулагер». В поэме «Кулагер» отражены характерные для казахского народа менталитет, культурные обычаи, быт, обряды и др. Поэма «Кулагер» богата антропонимами, зоонимами, этнонимами, топонимами и другими видами онимов, которые передают всю картину неповторимого национального самосознания. Известно, что онимы являются важными языковыми средствами, с помощью которых автор формирует картину мира. Тема поэмы – иппоним *Кулагер* содержит этнолингвистическую информацию, которая существенно способствует восприятию содержания художественного произведения. Статья рассматривает иппоним *Кулагер* как первичную информацию, посланной читателю поэтом Ильясом в поэме, и выявляет особенности и роль прецедентного текста в языковом сознании казахского этноса. В статье также обсуждается номинативная функция клички *Кулагер*, основанных на исторических источниках. В ассоциативном поле данного иппонима находятся и другие концепты, образованные методом аллегории, антономазии. Анализируется также этимология слова *Кулагер* с точки зрения национальной колоритной лексики, которая является этническим маркером. Цветообозначение интерпретируются как языковые и культурные единицы, сочетающие в себе языковое и экстралингвистическое содержание. Впервые обращено внимание на иппоним *Кулагер* как на отдельный объект, а также изучены переводческие навыки, решения, приемы и методы в передаче его художественных, стилистических, прагматических и семантических особенностей путем непосредственного сравнительного анализа с оригиналом.

Ключевые слова: Жансугуров, Кулагер, ономастическое пространство, иппоним, прецедентное имя, лингвокультурная единица

1 Кіріспе (К.Б. Айтбаева, Ә.С. Тарақов).

Жансүгіров – қазақ халқының ұлы ақындарының бірі, оның шығармаларында ұлттың этномәдени «келбеті», мәдени құндылықтары мен әлем бейнесі ерекше және шынайы қалыптасқан. Ақынның көптеген поэмаларында («Қулагер», «Дала»,

«Күйші», «Күй», «Жолдастар» т.б.) тарихи, реалистік, азаматтық, философиялық сипат пен ұлттық рух айқындалған, күшейтілген. Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы көпшілікке танымал болғанымен, поэма ағылшын тіліне 2018 жылы ғана аударылып, әлі жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. 1958 және 2006 жылдарда жасалынған орыс тілдегі екі аудармасы да кешенді зерттелмеген.

«Құлагер» поэмасының ономастикалық кеңістігі түрлі онимдерге бай, сондай-ақ оларды этникалық өзіндік сананың тілдік және когнитивті бейнесін айқындаушы элементтердің бірі ретінде қарастыру маңызды. Көркем мәтіндегі онимдердің барлық түрлерімен сәйкес келетін эмбебап термин – *поэтоним*. Поэтикалық атау (әдеби оним) – көркем шығарма тілінде аталымдық (номинативті) қызметінен бөлек сипаттамалық, стильдік және идеялық қызметтері бар атау. Әдетте бұл ойдан шығарылған атаулар санатына жатады, бірақ көбінесе автор нақты атаулар мен есімдерді немесе екеуінің аралас тіркесімдерін де қолданады (Подольская, 1988: 152). Қазіргі кезеңде *поэтонимдер* лексикология және оның арнайы бөлімі – ономастика шеңберінде зерттеледі, басқа онимдер сияқты олар да тек лингвистикалық компонентпен шектелмейді, сонымен қатар тарих, этнография, элеуметтану, география, әдебиеттану, психология және т.б. ғылыми салалардан деректерді тартуды талап ететін экстралингвистикалық компонентті қамтиды. Себебі, ғалым А.В. Суперанская айтқандай белгілі жалқы есімдерде (төл атауларда) біздің өмірлік тәжірибеміз, сондай-ақ көптеген экстралингвистикалық деректер туралы ақпарат жинақталады (Суперанская, 1973: 136).

Поэтонимдер – автордың сөздік қорының семантикалық-стилистикалық жүйесінің құрамдас бөлігі. Олар көркем мәтіннің тілдік құралдарына айналып, шығарманың жалпы бейнесін жасауға қатысады, автор стилінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Сәйкесінше, көркем шығарманың *ономастикалық кеңістігі* ретінде сол көркем шығармада кездесетін барлық поэтонимдердің жиынтығын қарастыруға болады.

I. Жансүгіровтің «Құлагері» – ақын тудырған көркем шығарма, яғни поэмадағы кез келген жалқы, төл атау, ең алдымен – поэтоним (әдеби оним). Ал *поэтикалық ономастика (ономатопоэтика)* көркем әдеби мәтіндегі белгілі бір автордың немесе бірнеше авторлар шығармасы, бір немесе бірнеше бағыт (символикалық, романтикалық, сатиралық т.б.), бір немесе бірнеше жанр (поэзия, проза, эликалық шығарма, тарихи шығарма, халық ауыз әдебиеті т.б.) деңгейінде жалқы есімдердің ерекшелігін зерттейді (Мәдиева, Иманбердиева, 2005: 40).

Көркем шығарма атауының қызметі белгілі бір ономастикалық салаға кіретін поэтоним арқылы білдірілген жағдайда күшейеді, оған мысал, *Құлагер* иппонимі. Мақалада *Құлагер* иппонимі ономастиканың когнитивті қырынан қарастырылып, *Құлагер* иппонимінің прецедентті ерекшелігі көрсетіледі.

Прецедент есімдердің дүние бейнесін жасаушы, ұлт өкілдерінің тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, оның тілі, мәдениеті мен менталдығынан ақпарат беретін баға жетпес қор, ұлттық қауымдастық мүшелерінің санасында стереотип, ассоциация, эталон, символ ретінде қолдануға даяр тұрған лингвокультуремалар екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, олар адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады

(Снасапова, Нұрсұлтанқызы, Оралбаева, 2022: 176).

2 Материалдар мен әдістер (К.Б. Айтбаева, Ә.С. Тарақов).

Ғылыми зерттеу жұмысы аударматану ғылымының лингвомәдениеттанымдық бағытында орындалған.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде тілтану мен аударматану ғалымдары Жанұзақов Т. «Қазақ есімдерінің тарихы» (1971), А.В. Суперанская «Общая теория имени собственного» (1973), А.В. Федоров «Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы)» (1983), Н.В. Подольская «Словарь русской ономастической терминологии» (1988), Ә. Қайдаров, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» (1992), Ю.Н. Караулов «Русский язык и языковая личность» (2007) ғылыми-теориялық еңбектері алынды. Сондай-ақ зерттеу тақырыбына қатысты С.Қ. Иманбердиева, Н.Ж. Егізбаева «Прецедентті термин және прецедентті есім», А. Тоқтабай «Қазақ жылқысының тарихы», тағы басқа ғалымдардың еңбектерімен таныстық.

А. Мұқышеваның «Қазақ әдебиетіндегі тұлпарлар бейнесі» атты зерттеу жұмысы, Р. Панзарбекованың «Қазақ тіліндегі жануарлар төлінің атауы» атты ғылыми еңбегі де жылқы малының көптеген төл атауларының лексика-семантикалық өрісі туралы ғылыми ақпарат берді. Жылқы атауларын алғаш арнайы тілдік тұрғыдан зерттеуге үлес қосқан Н.Айтбаеваның «Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты» ғылыми жұмысының да маңызы зор болды.

Мақаланың негізгі зерттеу материалы ретінде І. Жансүгіровтің қазақ тіліндегі «Құлагер» поэмасы, поэманың 1958 жылы М. Луконин мен Е. Винокуров, 2006 жылы Б. Джилкибаев орыс тіліне және 2018 жылы Б. Кук ағылшын тіліне жасаған аудармалары жатады.

2.1 Негізгі зерттеу әдістері. (К.Б. Айтбаева)

Ғылыми жұмыс барысында материалды талдаудың түпнұсқаға, экстроллингвистикалық ақпаратқа, мәнмәтінге негізделген филологиялық (салыстырмалы-салғастырмалы), лингвостилистикалық және герменевтикалық әдістері қолданылып, аудармашылардың шеберліктері, аудару әдістері мен тәсілдері, шешімдері зерделенді. Жасалған тұжырымдар көрсетілген әдістермен негізделіп, нақты мысалдармен дәйектелген.

2.2 Материалға сипаттама. (Ә.С. Тарақов)

«Құлагер» поэмасы 1936 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған уақыттан бері қалың оқырманның жоғары бағасына ие болды. 1938 жылы Ілияс ақынның «халық жауы» ретінде атылып, 1958 жылы ақталғанына дейінгі мерзімде ақынның барлық шығармаларына тыйым салынды, түгелімен жойылуы тиіс еді. Алайда балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің көрегендігімен сақталып қалған «Құлагер» поэмасы араға жиырма жыл салып, халықпен қайта қауышты. Поэманың 1958 жылы орыс аудармашылары М. Луконин, Е. Винокуров, 2006 жылы қазақ аудармашысы Б. Джилкибаевтың орыс тіліне жасаған аудармалары жарық көрді. Ал неміс тіліндегі «Құлагер» 2016 жылы неміс жазушысы Герт Хайденрайх арқылы таныл-

са; ағылшын тілді оқырмандарға «Құлагер» поэмасы тек 2019 жылы Ұлыбритания ақыны Белинда Кук аудармасымен танымал болды. Алайда әлі күнге дейін осы аталған аудармалардың ешқайсысы жеке зерттеу нысаны, материалдары ретінде аударма теориясы тұрғысынан қарастырылмаған.

Лияс Жансүгіровтің авторлық тезаурусы жан-жақты, түрлі тілдік көркемдеуіш әдіс-тәсілдерге және этникалық өзіндік сананың тілдік және когнитивті бейнесін айқындаушы элементтерге бай. «Құлагер» поэмасында мольнан қолданылған лингвомәдени бірліктер – онимдер оқырманның санасында танымдық, логикалық, бейсаналық, ассоциативті байланыс тудырып, тарихи жадының сақталуына үлкен үлес қосады. Мысалы, Ақан сері, Құлагер – қастандық құрбандары; Біржан сал – Ақан сері замандасы, сал-сері; Лермонтов, Пушкин – дуэль құрбандары; Ақмарқа (Ақтоқты) – Ақанның сүйген қызы, оған арнаған ән атауы; арғын, керей – азулы рулар және т.б. Алайда «Құлагер» поэмасындағы негізгі онимдер түрі – зоонимдер, оның ішінде басым көбі – иппонимдер немесе кабаллонимдер (лат. *cabobuss* – жылқы) – яғни жылқы атаулары (Құлагер – Құла – Керкұла, Баран, Көктүйғын – Көк – Түйғын, Құбай, Құмай, Ақбақай, Көктопай, Ала, Елік-құбақан, Қасқабұла, Алаүйрек, Жирен, Бөрте, Сүрсерке, Жамбылторы, Аққанат кер, Ақсұр, Ақбоз, Қызқара), жылқы малына қатысты жалпы атаулар (айғыр, құлын, құнан, тай, ат, бес-ті, жылқы, құлын, т.б.).

Бұл зерттеу жұмысы барысында аталымдық қызметте тұрған *Құлагер* иппонимінің танымдық қырлары талқыланып, оның лексика-семантикалық мағынасына тікелей қатысты өлең жолдарын орыс, ағылшын тілдеріне аудару ерекшеліктері анықталған.

Сондай-ақ прецедентті атау (есім) болып қалыптасқан *Құлагер* иппоними аясындағы этномәдени құндылықтар жүйесі қарастырылған.

3. Талқылау (К.Б. Айтбаева, Ә.С. Тарақов).

Қазақ халқы ежелден жылқы малын қолға үйретіп, күнделікті шаруашылықта қолданған. Оны *ер қанаты* – *ат* деп әспеттеп, жорыққа да ерттеген, ұлттық спорт ойындарына (бәйге, көкпар, теңге ілу, т.б.) да қосқан. Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан көшпенді қазақтарда төрт түлік малды түр-түсіне, жасына, жынысына байланысты ерекшелейтін жалпы атаулар көп болған. Алайда өз алдына жеке зооним, малдың төл атауы тек жылқы, оның ішінде жүйрік, асыл тұқымды сәйгүліктерге ғана берілген. Атақты жылқы атаулары қазақ ауыз әдебиетінде көбінесе қандай да бір тарихи тұлғаның, яғни сол арғымақтың иесімен қатар аталып келген, мысалы, Қобыландының Тайбурылы; Абылай ханның Алшаңбозы, Құлашасы; Әбілхайыр ханның Ақбозы; Кенесары ханның Ақтаңгері; Ер Жәнібектің Көкдөнені; Сегіз серінің Бозжорғасы; Бөгенбай батырдың Нарқызылы; Наурызбай батырдың Ақауыз, Қызылауызы; Райымбек батырдың Көкойнағы; Ағыбай батырдың Көкбестісі; Исатай батырдың Ақтабаны, Күреңқасқасы, Торытөбелі; Кейкі мергеннің Кераты; Бармақ батырдың Сандалкөгі; Қарабектің Қарасы; Қамыстың Шұбары; Жанқожа батырдың Көкешкісі, Ақмоншағы; Ерқосайдың Торысы; Тілеулі батырдың Кез құлағы; Амангелді батырдың Шалқасқасы, т.б.

Қазақ жылқысына қатысты жалпы мәліметтер, оның ерекшеліктері мен халыққа маңызы туралы этнографиялық тұрғыдан зерттелген көптеген ғылыми еңбектер, кітаптар мен мақалалар кездеседі. Этнограф ғалым Тоқтабай Ахметтің «Қазақ жылқысының тарихы» кітабында қазақ жылқысының бітімі, шыдамдылығы, бағылуы, баптауы жайында Н. Бахметьевтің, М. Бабажановтың, П. Великосельцевтің, В. Дандевильдің, В.П. Колосовскийдің, жылқы түстерінің қазақша атауларын, оның орысша баламаларын берген В.В. Радловтың, Қазақстандағы жылқы тұқымдарын тарихи-иппологиялық зерттеудің үлгісін жасаған В. Фирсовтың, мал дәрігері А.И. Добросмысловтың, қазақ жылқысының түстері туралы мақала жазған Ф.Г. Добржанскийдің еңбектері аталып көрсетілген. Жылқы малына қатысты терминдер мен атаулар лингвистикалық тұрғыдан тек Ш. Жанәбіловтің «Қазақ тіліндегі мал шаруашылығының терминдері» зерттеуінде жан жақты қарастырылған. Сондай-ақ бұл бағытта О. Нақысбеков, С. Қасиманов, Х. Арғынбаев елеулі еңбек сіңірген. С. Қондыбайдың «Жылқы туралы миф» монографиясының тарауында ауыз әдебиетіндегі жылқы ұғымына, батырлардың арғымақтарына дейін тарихи-мәдени сараптама жасалған. А.М. Щербак жылқы малына қатысты атаулардың біразының этимологиясын, тізімін берген. Тоқтабай Ахмет 200-ге жуық жылқы атауларын, әсіресе, сыртқы түсіне қатысты атауларды көрсеткен. Оларды жас ерекшелігіне қатысты лексика-семантикалық топтарға бөлген (Тоқтабай, 2010).

Поэма жарық көрмей тұрып *Құлагер* қазақ еліне тек Ақан серінің жүйрік тұлпары және дала композиторының оған арналған әні ретінде таныс болған. Қазіргі заманда *Құлагер* атауы оқырманға Илияс Жансүгіровтің поэмасын да бірден еске түсіреді. Бұл поэма атауының *прецедентті есім (атау) ерекшелігін*, ал поэманың негізін құраған тарихи прецедентті оқиғаның (Сағынай асында Ақан серінің «Құлагерінің» қастандық құрбаны болуы) поэманың атқарымдық (поэма тақырыбы, тараулары) және прагматикалық бірліктерімен (проспекция және ретроспекция құралдары, паремия т.б.) мәтінаралық байланыста екендігін жан-жақты көрсетеді. Негізі қазақ әдебиетіндегі көп тараған прецедентті есімдер, мәтіндер мен оқиғаларының қатарына ауыз әдебиет шығармалары, ұлттық маңызы бар тарихи оқиғалар, белгілі тұлғалардың өмірбаяндары жатады. Мәтінаралық байланыстар прецедентті есімдерге, мәтіндерге, оқиғаларға, тарихи тұлғаларға және жанры мен сюжеті жағынан ұқсас шығармаларға тұспалдаулар мен сілтемелердің маңызды көзі болып табылады, ол оқырмандардың көп бөлігінің назарын тартуға, есте қалуына, классикалық көркем жанр туындысына айналуға тікелей әсер етеді.

Прецедентті мәтіндер – белгілі бір тұлға үшін танымдық немесе эмоционалды тұрғыдан маңызды, тұлғадан тыс сипатқа ие, яғни осы тұлғаның кең ортасына, оның алдыңғы ізашарларына белгілі және сайып келгенде, осы тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше рет қайта жаңартатын үндеу. Прецедентті мәтін – ұлттық мәдени қауымдастықтың кез келген мүшесіне жақсы таныс; оның когнитивтік негізіне қабылдау инварианты кіреді; прецедентті мәтіндер негізінен өнер туындылары болып табылады (Караулов, 2007: 216). Ал прецедентті есім – бұл белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғамен байланысты кез келген жалқы есім (Иманбердиева, Егізбаева, 2015: 163).

Жалпы Құлагер атауы жалпы есімдер санатында да қолданылады, бұл *автономия* тәсілі түрінде жүзеге асып жатады. *Автономия* – заттың қандай да бір маңызды белгісін немесе оның бір нәрсеге қатысын көрсету арқылы атау немесе атауды ауыстыру арқылы көрінетін троп. Көркем әдебиеттегі басты кейіпкер есімдерінің жалқы, төл есімдік мағынасынан ауытқып, жалпы мағынаға ие болу ерекшелігін лингвист Т. Жанұзақов та баса айтқан (Жанұзақов, 1971, 189). Бұған мысал, Құлагер сөзінің *үздік, алдыңғы, ерекше, дүлдүл, жүйрік, пырақ, арғымақ, саңлақ, сәйгүлік, тұлпар, қара күштің құрбаны, зұлымдықтың құрбаны, зардап шегуші* деген стилистикалық метафоралық мағыналарда қолданылуы және І. Жансүгіровтің жеке басына қатысты *жыр құлагері, қазақ поэзиясының құлагері, құлагер ақын, құлагердің авторы, ақынның аққу әні, жылқыға орнатылған поэтикалық ескерткіш авторы* сияқты аллегориялық образдарының пайда болуы. Қысқаша айтқанда, «Құлагер» образы аллегориялық теңеу арқылы «қастандық құрбаны» символына айналды. Бұл айтылғандардың бәрі Құлагер сөзінің концепттік ұғымдағы мәнін, жалқы есімнің мағыналық өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді және оның ассоциативті өрісін анықтайды.

Ал «Құлагер» атауының этимологиясына келсек, этникалық маркер болып табылатын ұлттық колоративті лексиканы талқылауға тура келеді. Түс атауларының лингвистикалық теориялары лингвомәдени, лингвокогнитивтік және этнолингвистикалық тәсілдерге негізделген. Түс атаулары тілдік және экстралингвистикалық мазмұнды біріктіретін лингвомәдениет ретінде қарастырылады. Физиология тұрғысынан түс қабылдау барлық адамдарда бірдей болуы керек, бірақ әртүрлі мәдениеттегі адамдар түсті әртүрлі қабылдайды. Кейбір ғалымдар түсті адамның миы мен көру аппараты арқылы туатын психикалық құбылыс деп есептейді. Оның өзі де әртүрлі факторларға, ең алдымен қоршаған ортаға байланысты. Түсті қабылдаудың ұлттық ерекшеліктері мен түс қолданудың әлеуметтік-мәдени сипаттамалары бір-бірін толықтырады, сонымен қатар белгілі бір түр-түс атауларын қабылдау мен пайдалану жиілігіне әсер етеді.

Түс атауларының әртүрлі мағыналық түрлері бойынша жіктелуі тура, метафоралық және символдық болып келеді. Түс атауларының бір ерекшелігі – көркем әдебиет авторлары көбінесе түс схемасының символдық мәнін сипаттайды, бұл оқырманға кейіпкерлердің психологиясын жақсы түсінуге көмектеседі. Әдеби шығармалардың авторлары бейнелейтін әлемнің түрлі-түсті суреті ерекше қызығушылық тудырады. Осыған байланысты түс түйсіктерінің тілдік көрінісін және олардың кейіпкерлерге, сонымен қатар сюжеттің дамуына әсерін талдаудың неліктен маңызды екені анық байқалады (Карташкова, Беляева, 2022: 203).

4 Нәтижелер (К.Б. Айтбаева, А.С. Тарақов).

Дастанда қазақ ауыз әдебиетінде өзіндік ерекше орны бар анималистік образдардың бірі – жылқы бейнесі айрықша шебер суреттелген. Құлагер – шығарма композициясының негізгі арқауы. Ақын (Жансүгіров, 2006) поэманың басты кейіпкері Құлагер екенін екі жерде баса айтқан. Мысалы,

Ақанның ең аяулы әңгімесі,
Тек бүгін тарқасалық «Құлагермен».

Әңгіме Ақан емес, Құлагер ғой,
Осынан бастамақшы ек сөздің басын.

Бұл жолдардың шығарма тақырыбы мен мазмұнын айқындаушы маңызы орыс және ағылшын аудармаларында мағыналық сәйкестікте берілген. М. Луконин және Е. Винокуров аудармасында синтаксистік орын ауыстыру болғанымен, *аяулы әңгімені* жақын баламамен *песнь печальную* (Антология, 1958: 419) деп аударған. Ал Б. Джилкибаев аудармасында *печальный рассказ о коне Кулагер* (Жансүгіров, 2006: 135) деп нақтыланған. Белинда Куктың ағылшын аудармасында да *аяулы әңгіме* баламасына *most loved story* (Jansugurov, 2018: 42) дұрыс таңдалынған. Бұл *әңгіме* мәнмәтін бойынша ән-жыр да, қайғылы оқиға да екені белгілі. Ақан әнінің атауы «*Құлагермен*» деп метонимия тропы арқылы берілген. Ол пунктуациялық белгі – тырнақшалар арқылы да көрініс тауып тұр. Автор меңзеп тұрған *аяулы әңгіменің* эмоциялық реңкі орыс аудармаларында *печальная (мұңды, шерлі)*, ал ағылшын аудармасында *Akan's most loved story – Kulager (Ақанның ең сүйікті әңгімесі – Құлагер)* сөздері арқылы сәтті жеткізіліп, түпнұсқа мағынасына сәйкесе келіп тұр. Сондай-ақ ағылшын тілінде тырнақша орнына көлбеу қаріпті қолдану – сол тілдің пунктуациялық заңдылықтарын білдіреді.

Ал *Әңгіме Ақан емес, Құлагер ғой* жолдарында алдыңғы орыс аудармашылары М. Луконин, Е. Винокуров *Наш рассказ – не об Ахане, Кулагер – герой* (Антология, 1958: 420) деп лексикалық трансформация – қосу (*герой* сөзі) әдісін қолданса, кейінгі нұсқа орыс аудармасында аудармашы Б. Джилкибаев *Ахан – удивительный, острый сюжет* (Жансүгіров, 2006: 136) деп сипаттамалы әдісті таңдапты. Ағылшын аудармашысы Белинда Кук антонимдік аударма әдісін қолданған: *but this story is more about Kulager than Akan* (Jansugurov, 2018: 44).

Қазақ халқы жылқы малын, оның ішінде жүйрік тұлпарларын өте қадірлеген. Тіпті атты жерлеу, анықтап айтсақ аттың басын киізге орап жерлеу әдеттері болған. Мысалы, Қабанбай батырдың өзінің Кубас атты дүлдүлігінің басын Жағалбайлы асуының ең биік төбесіне апарып жерлеуі және Ағыбай батырдың Көкбесті атының басын былғарымен және ақ киізбен орап, Шешенқара тауының басына қоюы – көне түркі рәсіміндегі жылқыны иесімен бірге жерлеу дәстүрінің бізге жеткен бір көрінісі болса керек.

Соны айтып *Құлагердің басын кесті,*
Көрген жан: «*Қайтсын шіркін, асыл!*» – десті (Жансүгіров, 2006: 94)

... Бережно с земли поднял он голову коня (Антология, 1958: 466)

... Ахан отделил и поднял Кулагера главу.

А народ с пониманием сей шаг оценил (Жансүгіров, 2006: 223)

He said this and cut off Kulager's head.

Everyone agreed: "What more noble thing can he do" (Jansugurov, 2018: 136)

Сондықтан «Құлагер» поэмасындағы Ақанның Құлагердің басын кесіп алуы елге жат болмаған, оған дәлел аяушылық пен құрметке толы – *шіркін* одағайы мен *бекзат*, *текті*, *нағыз* мағынасындағы *асыл* (*ep*) сөзі. Осы экспрессивті екі сөз арқылы қазақ ұлтының психологиялық мінез-құлық ерекшелігі сипатталады. Адам қайғысын сезіне білу, ортақтасу мен ақынды, серіні құрметтеу – қазақ халқының қанына сіңген ерекше қасиеті. Сол себепті, оқиғаға куә болған жандардың аяушылық сезімі бар өлең жолының бірінші орыс аудармасында ескерілмей, тасталып кеткендігі – аудармашылардың үлкен бір қателігі деп санаймыз. Есесіне, ағылшын аудармашысы дәлдігі жоғары перефразды таңдаған.

Қазақ халқының көшпелі тұрмысына, мекендеген жерінің геофикалық әртүрлілігіне байланысты төрт түлік малды, табиғат көріністерін сипаттауда қолданатын ұлттық бейнелеу үлгілері өте бай, әрі өзіндік ерекшеліктерге толы. Соның ішінде, жылқы түсін оның денесінің түгіне ғана емес, жал-құйрығының табиғи бояуына қарай анықтаған. *Құлагер* – тек жылқы атауына ғана қолданылатын екі компонентті (құла, кер) күрделі түр-түс атауы. Бұл түсті анықтаушы тіркестің соңғы компоненті осы түстің доминанты болып саналады. Мәселен, *қара кер*, *құла кер* дегендегі түстердің доминанты *кер* де, алдындағы *қара* мен *құла* сөздері *кер* түсінің қосымша реңкін, бояуын анықтаушы сыңарлары (Қайдаров, Ахтамбердиева, Өмірбеков, 1992: 95). Екі сыңары да түр-түс мағынасындағы *Құлагер* атауының бір ерекшелігі – олардың поэмада жеке мағынасында немесе орын тәртібін алмастыра алуында. Мысалы, *Құла, кер* немесе *Керқұла*.

Құла (құла айғыр құла ат, құла бие т. б.) – басы мен денесі жылтыр сары, немесе құрым сары ренде болып, аяқтары мен жал-құйрығы қара, арқасынан құйрығына дейін созылған жіңішке қара жолағы бар жылқының түсі. Сары мен жиреннің арасындағы жылқының түсі. *Кер* (дыбыс ауысу – альтернатива заңдылығына сәйкес *гер*) – кер ат, кер айғыр, кер дөнен т. б. – құла мен торының аралығындағы жылқы малының түсі. Торы түктің бетінде сәл ғана сарғыш қылшықтары байқалады (Қайдаров, Ахтамбердиева, Өмірбеков, 1992: 92-93). Осылай жылқы түр-түсіне берілген сипаттау сөздерден *құлагер* – *денесі, басы сарғыш шағылды алтындай жалтылдаған, алайда жал-құйрығы мен аяқтары тізесінен төмен қара, арқасында қара жолағы бар жылқы түсі* екендігін қорытындылаймыз. Бұл сипаттамадан Құлагердің сыртқы түр-түсі жағынан да басқалардан айрықша сәйгүлік екендігін, яғни көп жылқының арасындағы даралығын байқаймыз.

Негізі, қазақ фольклорында жылқының түсіне байланысты екі компонентті атаулары бар атақты жылқылар жеткілікті. Оларға Тайбурыл, Нарқызыл, Алшаңбоз, Құлашасы, Ақбоз, Көкойнақ, Ақтабан, Күреңқасқа, Торытөбел, Ақтаңгер, Көкбесті, Ақауыз, Қызылауыз, Көкешкі, Ақмоншақ, Көкдөнен, т.б. жатады. Бұл атаулар қазақ халқының жылқы жануарына ат қоюдағы лингвоэтникалық ерекшелігін көрсетеді.

Міне, *Құлагер* – жалқы есім болғанымен, қазақ тілі мен мәдениетін түсінетіндер үшін ұлттық танымнан хабар беретін лексикалық атау. Алайда, поэма мазмұнында бұл атаудың ән мен Ақанға қатысы анықталғанмен, жылқының түр-түсіне қатысы тікелей түсіндірмесі жоқ. Сонда да, құла және кер сыңарлары арқылы аударылып, *Құлагер* саврасый (құла), буланый деген түсінік қалыптасқан. Екі түстің ұқсастығына

байланысты, аудармадағы құлагер сөзінің бұл орысша баламалары дұрыс деп ойлаймыз. Ал ағылшын тілінде құлагер сөзі түс ретінде қарастырылмаған, тек *Кер* сөзі бір жерде ғана *сипаттау әдісі* арқылы жеткізілген: *This fabulous sorrel horse, Copper brown, shining reddish gold* (Jansugurov, 2018: 56).

Поэманың соңына қарай автор жалпылама әдіспен бәйгеде оза шапқан Құлагерді *баран* деп сипаттайды. Ол бүкіл жылқыны екі түске бөліп қарайды, қылаң мен баран.

Қазақ этнологы Ж. Бабалықұлының жазуынша «Қазақ халқы бүкіл өң-түсті қылаң, баран деп екі текті топқа жіктейді. Қылаң – ақ, боз, ақ боз, шаңқан, шаңқан боз, тарлан, ақ тарлан, т. б. *Баран* – қара, қоңыр, көк, жасыл, қызыл, күрең, жирен, торы, сұр, күлгін, құла, шабдар, сары, т.б.» (Бабалықұлы, 2005: 11) түсініктемесі Ілияс ақынның жылқы түр-түстерін егжей-тегжейіне дейін білетінін көрсетеді. *Көктұйғын* – қылаң, ал *Құлагер* – баран деп автордың перифраз жасауы – оның стилдік ерекшеліктерінің бірі, суреттеу шеберлігі. Автор оқиғаны қатысушы көзімен алыстан көріп тұрғандай баяндаған. Сол кездегі әлемді тек қылаң мен баранға ғана бөліп тұрған Ақанның күтпеген соққы алғандай көңіл күйін байқалтатын автордың психологиялық зеректігінің тілдік көрінісіне назар аударайық.

Алдыңғы ат бірі-қылаң, бірі-баран.

Алдыңғы ат барандатпай, қылаңдатад...

«Баран жоқ бағанағы!» – деп шулады (Жансүгіров, 2006: 76-77)

Светлый – виден, и еще – потемней – другой.

Конь передовой – не темный, виден светлый цвет

«Нету темного коня!» – нарастает гуд (Антология, 1958: 453).

Что за масть видна – Саврасый или вороной?

Где скакун Кулагер? Не случилось бы бед... (Жансүгіров, 2006: 194-195)

Of the two leaders, one is light, the other sorrel.

For the front horse was light, not sorrel...

“Where is the sorrel one?” they shouted (Jansugurov, 2018: 110-111).

Орыс тілінде *қылаң* (*разные оттенки серого цвета*) – жылқының түрлі сұр түс-терінің жалпы атауы, ал *баран* – *вороний*, яғни қара ат. Аудармашылар сұр баламасын атаудан гөрі, *светлый*, *темный* деп жалпылау (генерализация) әдісін қолданған, бұл Ілияс ақынның поэтикалық антитезасымен тамаша үйлесім тапқан. Ал Б. Джилкибаев аудармасында логикалық-семантикалық дамыту әдісін қолданған және *баран* сөзін *Құлагер* деп нақтылаған. Ағылшын тілінде *light* – ақшыл, *sorrel* – құла, бұл Белинда Куктың жалпылау (генерализация) мен нақтылау (конкретизация) әдісін қатар қолданғанын көрсетеді, әрине аудармашы стилистикалық сөз айналымын жеткізбесе де, мағыналық жағынан *Көктұйғын* мен *Құлагердің* тұспалданған түстерін айнытпай берген.

Ғылыми нәтижелерді жас әдебиеттанушылар мен аудармашыларды дайындау барысында «Аударманың өзекті мәселелері», «Этномәдениеттану», «Этномәдени

ақпараттарды аударудың өзекті мәселелері» т.б. пәндер бойынша семинарлар мен практикалық сабақтарда пайдалануға болады.

5 Қорытынды (К.Б. Айтбаева, А.С. Тарақов).

«Құлагер» атауының этимологиясы зерттеліп, этникалық элемент – ұлттық колоративті лексика талқыланды. Құлагер (кер, құла, кер құла, баран) – жылқы түсінің атауы, оның Ілияс ақын жасаған лейтмотивті сипаты, ұлттық танымнан хабар беретін лексикалық атауы мен әлем бейнесін пайымдаудағы эмоционалды бейнесіне шолу жасалынды.

Зерттеу барысында *Құлагер* атауының тарихи дереккөздерге негізделген прецедентті ерекшеліктері поэма мазмұнында барынша айқындалып қана қоймай, кейін жаңартылған мағынаға да ие болғанын анықтадық. Сол қайта жаңарған үндеу (*жыр құлагері, қазақ поэзиясының құлагері, құлагер ақын, құлагердің авторы, ақынның аққу әні, жылқыға орнатылған поэтикалық ескерткіш авторы, т.б.*) тілдік тұлға дискурсында *Құлагер* атауын Ілияс Жансүгіров тұлғасымен еріксіз мәтінаралық байланыс жасайтын дәрежеге жеткенін пайымдаймыз.

Мақалада «Құлагер» поэмасының ономастикалық кеңістігіндегі лингвомәдени бірлік – *Құлагер* иппонимінің аудармаларын түпнұсқамен тікелей салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасау арқылы, аудармашылардың транскрипция, сипаттау, жалпылау, нақтылау, логикалық-семантикалық дамыту т.б. түрлендіру әдістерін қолданғандары анықталды. Талдау нәтижесі көрсеткендей, берілген иппонимнің прецедентті ерекшелігі мен колоративті сипаттамалары екі тілдегі аудармаларда сәтті берілгенімен, *Құлагер* иппонимінің коннотативті мәні (эмотивті-экспрессивті, стилистикалық және когнитивті бейнесі) толық беріле алмаған. Бұл лингвоэтикалық кедергілерден туындайтын қалыпты жағдай. Мақалада тек *Құлагер* иппонимі төңірегіндегі микродеңгейлі талдаулар жасалғанына қарамастан, жалпы орыс аудармалары поэтикалық еркін, ал ағылшын аудармасы автор интенциясына сай релевантты аударма деген тұжырымға келдік. Сондай-ақ І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасының көптеген оним түрлеріне бай ономастикалық кеңістігін аударматану ғылымы тұрғысынан зерттеу болашақ ғылыми жұмыстарымыздың міндеті деп есептейміз.

Әдебиеттер:

1. Бабалықұлы, Ж. Жылқының түсі. Біз мұны толық білеміз бе? / Ж.Бабалықұлы // Егемен Қазақстан. – 2005. – №112-115, 25 мамыр. – Б. 11.
2. Жансүгіров І. Құлагер – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006 – 268 бет.
3. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы / Т. Жанұзақов; жауап. ред. І. К. Кеңесбаев; Қазақ ССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.
4. Иманбердиева С.К., Егізбаева Н.Ж. Прецедентті термин және прецедентті есім. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, №2 (154). 2015. ISSN 2618-0782. Мекен-жайы бойынша қол жетімді: <<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1752>>. Кіру күні: 25 наурыз 2023
5. Караулов, Ю.Н. Русский язык и языковая личность / Ю. Н. Караулов. – Изд. 6-е. – М.: Изд-во ЛКИ, 2007 – 261 с.
6. Kartashkova F.I., Belyaeva L.E. Colour Meaning in English Literary Pieces // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. - 2022. - Vol. 13. - N. 1. - pp. 201-212. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-1-201-212

7. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
8. Львов, М., Озеров, Л. Антология казахской поэзии / М. Львов, Л. Озеров. – М.: Государственное издательство художественной литературы, 1958. – 862 с.
9. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.К. Ономастика: зерттеу мәселелері. «IC-Сервис»ЖШС, 2005. – 240 б.
10. Подольская Н. В. Словарь русской ономастической терминологии. Изд. 2-е, перераб. и доп. / А.В. Суперанская. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
11. Снасапова Г.Ж., Нұрсұлтанқызы Ж., Оралбаева Г.С. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір прецедент есімдердің лингвомәдени ерекшеліктері. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №2 (65) 2022, Б. 167-180. doi: 10.48371/PHILS.2022.65.2.013
12. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного – М., Наука, 1973. – 366 с.
13. Тоқтабай Ахмет. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2010.– 496 бет, суретті.
14. Федоров А. В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Учебное пособие – М.: Высшая школа. 1983. – 303 с.
15. Jansugurov Ilias. Kulager. Ilias Jansugurov. Translated by Belinda Cooke. – Almaty, – 2018, – 160 pages

References:

1. Babalyquly J. (2005) Jylqynyn tusi. Biz muny tolyq bilemiz be? [Horse color. Are we fully aware of it?] Egemen Qazaqstan. No. 112-115, 25 May – P. 11 (In Kazakh)
2. Fedorov A.V. (1983) Osnovy obshhej teorii perevoda (lingvicheskie problemy): Uchebnoe posobie [Fundamentals of the General Theory of Translation (Linguistic Problems): Textbook]. – М.: Vysshaya shkola – P. 303 (In Russian)
3. Imanberdiyeva, S. K.; Yegizbaeva, N. J. (2015) Precedent term and precedent name. KazNU Bulletin. Philology series [S.l.], v. 154, n. 2, feb. 2015. ISSN 2618-0782. Available at: <<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1752>>. Date accessed: 25 mar. 2023. (In Kazakh)
4. Jansugirov I. (2006) Kulager [Qulager] – Almaty: “Jibek joly” baspa uyi – P. 268 (In Kazakh and Russian)
5. Jansugurov Ilias (2018) Kulager. Ilias Jansugurov. Translated by Belinda Cooke. – Almaty: 160 pages (In English)
6. Januzaqov T. (1971) Qazaq esimderinin tarihy [History of Kazakh names] jauap. red. I. K. Kenesbaev; Qazaq SSR Gylym akad.; Til bilimi in-ty - Almaty: Gylym – P. 218 (In Kazakh)
7. Karaulov Yu. N. (2007) Russkij yazyk i yazykovaya lichnost' [Russian language and language personality] – Izd. 6-e. М.: Izd-vo LKI – P. 261 (In Russian)
8. Kartashkova F.I., Belyaeva L.E. (2022) Colour Meaning in English Literary Pieces // RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics. - Vol. 13. - N. 1. - pp. 201-212. doi: 10.22363/2313-2299-2022-13-1-201-212 (In English)
9. L'vov M., Ozerov L. (1958) Antologiya kazahskoj poezii [Anthology of Kazakh poetry] – М.: Gosudarstvennoe izdatel'stvo hudozhestvennoj literatury – P. 862 (In Russian)
10. Madiyeva G.B., Imanberdiyeva S.K. (2005) Onomastika: zertteu maseleleri [Onomastics: problems of research] – Almaty: «IS-Service» LLP – P. 240 (In Kazakh)
11. Podol'skaya N. V. (1988) Slovar' russkoj onomasticheskoj terminologii. Izd. 2-e, pererab. i dop. [Dictionary of Russian Onomastic Terminology. 2nd edition, reprint. and add.] A.V. Superanskaya. – М.: Nauka – P. 192 (In Russian)
12. Qaidarov A., Ahtamberdiyeva Z., Omirbekov B. (1992) Tur-tusterdin tildegi korinisi [Linguistic representation of colors] – Almaty: Ana tili – P. 160 (In Kazakh)
13. Snasapova G.Z., Nursultankyzy Zh., Oralbayeva G.S. (2022) linguocultural peculiarities of some precedent names in the Kazakh and English languages. Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series “Philological Sciences”. v. 65, n. 2, Sep. 2022. pp. 167-180. doi: 10.48371/PHILS.2022.65.2.013 (In Kazakh)
14. Superanskaya A.V. (1973) Obshhaya teoriya imeni sobstvennogo [General theory of the proper name]. М., Nauka – P. 366 (In Russian)
15. Toqtabai Ahmet (2010) Qazaq jylqysynyń tarihy [History of the Kazakh horse].– Almaty: Almatykitap baspasy – P. 496, with illustrations (In Kazakh)